

**«Қарасу негізгі мектебі» КММ-нің 01.04.2024 жыл №5 кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесінен үзінді**

Өтетін уақыты :9-00

Қатысқандар -20 ( педагогикалық ұжым)

Кеңес төрағасы: Л.Аманғалиева

Хатшы : Ермек М

1. «Қарасу негізгі мектебі» КММ-нің 2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылдарының қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу туралы.

/Л.Аманғалиева/

**Тыңдалды:**

Мектеп директоры Л.Аманғалиева Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №126 бұйрығы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» басшылыққа ала отырып, мектеп қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып мыналар табылатындығын атап өтті:

- 1) Білім беру ұйымының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) Оқыту мен білім беру
- 3) Білікті қызметкерлердің болуы
- 4) Қол жетімді білім беру үшін жағдайлар жасау;
- 5) Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету
- 6) Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық база

Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалауға ұсынылған білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына талдау жолымен жүзеге асырылады.

- 1) Оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
- 2) Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;
- 3) Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне;
- 4) Оқу мерзіміне сәйкестігін талдау
- 5) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығының талаптарына сәйкестігін зерделеу

кезенде Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» пайдаланылады. Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңесте шешім қабылданды.

### Шешім:

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін «Қарасу негізгі мектебінің коммуналдық мекемесінің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
2. «Қарасу негізгі мектебінің коммуналдық мекемесінің қызметіне жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2024 жылдың 01.04-22.04 аралығы бекітілсін.
3. Мектептің өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.
4. ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талабына сәйкестігі анықталсын.
5. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеуді нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып бекітілсін.

Пед. Кеңес төрағасы :  Л.Аманегалиева

Хатшысы:

 Ермек М

